

*Келісемін*

*Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы*



*Ж. Батырхан*

2021 ЖЫЛ

*Келісемін*

*Әйтеке би аудандық білім бөлімінің басшысы*



*Б.Д. Сейлханов*

2021 ЖЫЛ

*Бекітемін*

*Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебінің директоры*



*Р.Ж. Кобыланов*

«31» тамыз 2021 ЖЫЛ

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ  
«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2021-2022 оқу жылына арналған  
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің  
жұмыстық оқу жоспары**

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің  
2021-2022 оқу жылына арналған  
жұмыстық оқу жоспарына**

**ТҮСІНІК ХАТ**

Мектепте 2021-2022 оқу жылында барлығы 113 оқушы, мектепалды даярлық класында 20 тәрбиеленуші және мектеп жанындағы «Нұр» шағын орталығында 12 тәрбиеленуші білім алып, тәрбиеленуде.

2021-2022 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары мектепалды даярлық класы мен шағын орталық үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде және ««ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-ші қосымшасы бойынша, ал 1-11 кластардың оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2,3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылдың 20 тамыздағы №415 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 10 кластың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 31-қосымшасы және 11 кластың оқу жоспары 2019 жылдың 15 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 2-қосымшасы негізінде жасалды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.**

Шағын орталықта 2-4 жастағы балалар тәрбиеленуде, сондықтан 2 жастан бастап кіші топ, 3 жастан бастап ортаңғы топ пен 4 жастан бастап ересек тобы балаларына арналған үлгілік оқу жоспарларының жүктемелері алынды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс ортаңғы топқа 1 сағат вариативтік компоненттен «Өнерлі екен он саусақ» курсына және ересек топқа 1 сағат кішіпейілділік, тазалық, әдептілік, көмек беру, достық, жақсылық, ар-ұят, қызмет ету, имандылық, инабаттылық, елін, жерін сүю – адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, балалардың бойына адамгершілікті сіңіру үшін «Сыпайылық – адамгершілік айнасы» курсына және балалардың тірі және өлі табиғат нысандарына қызығушылықпен білуге құштарлық негізінде өзін-өзі дұрыс ұстау жайлы түсініктерін қалыптастырып, оң қатынас жасауға баулу мақсатында 1 сағат «Табиғатты аялайық» курсына берілді.

**Мектепалды даярлық класында** ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруда 5 жастан бастап қабылданған балалар үшін үлгілік оқу жоспарының мектепалды даярлық класына арналған жүктеме алынды. Апталық оқу жүктемесінің көлемі – 17 сағат және вариативтік компонентке 3 сағат, барлығы 20 сағат алынды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Сөйле, балдырған» курстың оқытылуына, «Таным» саласынан қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру,



есептер шығару арқылы балалардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін 1 сағат «Сиқырлы сандар» курсына, «Шығармашылық» саласынан балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру мақсатында 1 сағат «Шебер қолдар» атты іс-әрекетіне берілді. Шағын орталық пен мектепалды даярлық класының вариативтік компоненттері «Бастауыш кластар» әдістемелік бірлестігінде қаралып, педагогикалық кеңесте бекітіліп, аудандық білім бөлімінің эксперттік комиссиясымен тексерілді.

### **Бастауыш білім беру.**

Бастауыш білім беру бойынша жұмыстық оқу жоспары 2 бөлімнен тұрады: инварианттық және вариативтік. 1-4 кластардың жұмыстық оқу жоспарының инварианттық компоненті 6 білім саларынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Білім салалары бірнеше пәндерді қамтиды, «Тіл және әдебиет» білім саласына - «Әліппе», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндері, «Математика» білім саласына – «Математика», «Цифрлық сауаттылық», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану» пәні, «Адам және қоғам» білім саласына – «Дүниетану», «Өзін-өзі тану» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

**Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті бойынша:** бастауыш класс оқушыларының математикалық сауаттылығын, логикалық есептер шығаруға қызығушылықтарын арттыру мақсатында аптасына 1 сағаттан 2-класта «Математика әлемі», 4-класта «Математика және логика» курстарына және оқушыларды шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету, көркем шығармаларды оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін аптасына 1 сағаттан 3 класта «Сөз өнері» курсына берілді.

### **Негізгі орта білім беру.**

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарының инварианттық компоненті 6 білім саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер» және «Дене шынықтыру» білім салалары 20 оқу пәнін қамтиды.

**Негізгі орта білім берудің вариативтік компоненті бойынша** оқушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру үшін **«Жаһандық құзыреттілік» курстары** 5 класта «Парасаттылық және әдеп», 6 класта «Экология», 7 класта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау», 9 класта «Зайырлылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағаттан берілді. Таңдау бойынша оқушыларға экологиялық мәдениет, әдеп ұғымдарын, табиғат құндылығын, табиғат заңдарын, әлемдегі және мемлекетіміздегі экологиялық қозғалыстар туралы қоршаған ортаның құрамды бөліктерін, оларға түрлі ластанулардың әсерін таныстыру мақсатында «Экологиялық этика» курсына 8 класқа аптасына 1 сағат берілді.

**Элективті курстар 5, 6 класс** оқушыларының жылдам ойлауға, шешім қабылдауға, зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында жеке және топтық жұмыстар есебінен аптасына 1 сағаттан «Жас шахматшы» атты курсына бөлінді. **7 класс** оқушыларының іргелі эксперименттік әдісінің физикада алатын орны, теориямен эксперименттің өзара байланысы туралы білімдерін дамыту және алған білімдерін тереңдете отырып, танымдық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Қызықты физика» курсына берілді. **8 класс** оқушыларының қолөнерге ынтасын арттырып, өз беттерінше жұмыс жасауға дағдыландыру үшін аптасына 1 сағат «Жас шебер» курсының жүргізілуіне бөлінді. **9 класқа** ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармаларын тереңдете, жан-жақты таныту үшін аптасына 1 сағат «Абайтану» курсына берілді.

## Шағын орталықтың жұмыстық оқу жоспары

№	Білім беру салалары	Кіші топ (2 жастан бастап)	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Ересек топ (4 жастан бастап)	Жылдық сағат саны	
					Апталық сағат саны	
<b>I</b>	<b>«Денсаулық»</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3</b>		<b>324</b>
1	Дене шынықтыру	3	3	3		324
<b>II</b>	<b>«Қатынас»</b>	<b>1</b>	<b>2</b>	<b>2,5</b>		<b>198</b>
1	Сөйлеуді дамыту	0,5	1	1		90
2	Көркем әдебиет	0,5	0,5	1		72
3	Орыс тілі	---	0,5	0,5		36
<b>III</b>	<b>«Таным»</b>	<b>2</b>	<b>2,5</b>	<b>2,5</b>		<b>252</b>
1	Математика негіздері	---	1	1		72
2	Сенсорика	0,5	---	---		18
3	Құрастыру	0,5	0,5	0,5		54
4	Жаратылыстану	1	1	1		108
<b>IV</b>	<b>«Шығармашылық»</b>	<b>3</b>	<b>3</b>	<b>3,5</b>		<b>342</b>
1	Сурет салу	1	1	1		108
2	Мүсіндеу	0,25	0,25	0,5		36
3	Жапсыру	0,25	0,25	0,5		36
4	Музыка	1,5	1,5	1,5		162
<b>V</b>	<b>«Әлеумет»</b>	<b>---</b>	<b>0,5</b>	<b>0,5</b>		<b>36</b>
1	Қоршаған ортамен танысу	---	0,5	0,5		36
	<b>Апталық оқу жүктемесінің көлемі</b>	<b>9</b>	<b>11</b>	<b>12</b>		<b>1152</b>
	<b>ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ</b>	----	Өнерлі екен он саусак	Сыпайылық – адамгершілік айнасы	<b>2</b>	<b>72</b>
		----	----	Табиғатты аялайық	<b>1</b>	<b>36</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>9</b>	<b>12</b>	<b>14</b>		<b>1260</b>
	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы</b>	<b>15-20 минут</b>		<b>20-25 минут</b>		



**Мектепалды даярлық класының жұмыстық оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	Жүктеме	
		апталық	жылдық
<b>I</b>	<b>«Денсаулық»</b>	<b>3</b>	<b>99</b>
1	Дене шынықтыру	2,5	82,5
2	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5	16,5
<b>II</b>	<b>«Коммуникация»</b>	<b>5</b>	<b>165</b>
1	Сөйлеуді дамыту	1	33
2	Көркем әдебиет	1	33
3	Сауат ашу негіздері	2	66
4	Орыс тілі	1	33
<b>III</b>	<b>«Таным»</b>	<b>2,5</b>	<b>82,5</b>
1	Математика негіздері	1	33
2	Құрастыру	0,5	16,5
3	Жаратылыстану	1	33
<b>IV</b>	<b>«Шығармашылық»</b>	<b>5</b>	<b>165</b>
1	Сурет салу	1	33
2	Мүсіндеу	1	33
3	Жапсыру	1	33
4	Музыка	2	66
<b>V</b>	<b>«Әлеумет»</b>	<b>1,5</b>	<b>49,5</b>
1	Өзін-өзі тану	1	33
2	Қоршаған ортамен танысу	0,5	16,5
	<b>Апталық оқу жүктемесінің көлемі</b>	<b>17</b>	<b>561</b>
	<b>ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ</b>	<b>3</b>	<b>99</b>
<b>1</b>	<i>Шебер қолдар</i>	<b>1</b>	<b>33</b>
<b>2</b>	<i>Сөйле, балдырған</i>	<b>1</b>	<b>33</b>
<b>3</b>	<i>Сиқырлы сандар</i>	<b>1</b>	<b>33</b>
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>20</b>	<b>660</b>
	<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы</b>	<b>25 минут</b>	

Жоспарда 10 (он) бет  
нөмірленген, шнурланған,  
мөрмен бекітілген

Мектеп директоры

 Р. Ж. Кобыланов

31.08.2021ж

